

---

# БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ДӘСТҮРЛЕР ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ TRADITION AND INNOVATION IN EDUCATION

ӘОЖ 316.6:37

Н.Ш.Алметов, Л.А.Булетова, А.А.Сулейменова

*М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент  
(E-mail: kalubekov@list.ru)*

## **Қазіргі қоғамда этносаралық қатынастарды нығайтудың әлеуметтік-психологиялық және білімдік тетіктері**

Мақалада этносаралық қатынастардың мәселелері, проблематикасы, кезеңдері, зерттеу әдіснамасының теориялық-тұжырымдамалық сипаттамасы қарастырылған. Қазіргі оқушы-жастардың этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудың жанашыл тәсілдері мен әдістері анықталған. Авторлар қалыптасу тетіктері және көріністері әсер ететін факторлардың этносаралық қатынастар динамикасын мен сипатын ашқан. Әлеуметтік-психологиялық феноменнің этносаралық қатынастардың бейнелейтін мазмұны және динамикасының рөлі мен маңызы көрсетілген.

*Кілт сөздер:* этносаралық қатынастар, әлеуметтік-психологиялық тетіктер, тәрбиелік тетіктер, нығайту, төзімділік, қазіргі қоғам, инновациялық тәсілдер, көпэтносты қоғам, көпконфессиялы қоғам.

Этносаралық қатынастарды нығайту мәселелеріне тоқталып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «...Ұлт мәселесін шешуде әмбебап тәсілдердің жоқ екенін көрсетті», — деп атап өтеді [1; 112]. Этносаралық қатынастарды нығайту үнемі ізденуді, оны шешудің жаңа, тиімді амалдары мен тәсілдерін анықтауды қажет етеді.

Қазіргі кезеңдегі этносаралық қатынастарды нығайту мәселесінің өзектілігі мына факторлармен анықталады:

- 1) қоғамның қарқынды дамуы, ХХІ ғасырдың жаһандық сын-қатері;
- 2) этноаймақтық жағдайлар, этносаяси ахуал;
- 3) этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің ұдайы жетілдірудің қажеттілігі;
- 4) этносаралық қатынастарды тиімді қалыптастыруға ықпал ететін институттардағы өзгерістері.

Этносаралық қатынастарды нығайтудың тетіктерін зерделеу, оларды тиімді пайдаланудың тәсілдерін анықтау өскелең ұрпақты ел бірлігі мақсаттарында тәрбиелеудің өте өзекті бағыты деу мүмкін. Осы тұрғыдан этносаралық қатынастарды нығайтудың білімдік тетіктерінің рөлі ерекше.

Бүгінгі таңда отандық тәжірибеде этносаралық қатынастарды нығайтудың мынадай тетіктері қалыптасқан:

- заңнамалық, құқықтық-нормативтік;
- қоғамдық-саяси;
- мәдениеттанымдық;
- экономикалық-қаржылық;
- әлеуметтік-психологиялық;
- білімдік /тәрбиелік.

*Этносаралық қатынастарды нығайтудың әлеуметтік-психологиялық тетіктеріне:*

- этносаралық қатынастар саласындағы қоғамдық пікір, көңіл-күй;
- еңбек ұжымдары (көпэтносты құрамды);
- этникалық қауымдастықтардың прогрессивті өкілдері, бірлестіктері;
- интернационал отбасылар жатады.

Отандық білім беру жүйесіндегі оқушы-жастардың этносаралық қатынастардың мәдениетін нығайту тәжірибесін талдау негізінде келесі *білімдік тетіктер* анықталды:

- білім беру мазмұны және үрдісі;
- педагогтардың ұлтаралық қатынастар саласындағы құзыреттіліктері;
- педагогикалық қауымдастықтың ұлтаралық қатынастарды нығайтудағы белсенділігі;
- педагогикалық менеджмент;
- оқушы-жастардың әлеуметтік тәжірибесі;
- ата-аналардың, ересектердің үлгілі мінезі мен тәрбиелік ықпалы.

Жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларында этносаралық қатынастарды нығайту мәселелері қаншама көрініс тапқандығын зерттеу педагогикалық теория мен білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелерінің бірі болып калуда. Мысалы, мектеп оқулықтарын даярлауда олардың ұлтаралық қатынастар мәселелеріне кері әсер етпеу талабы қойылады. Біздің пайымдауымызша, оқулықтарда, әсіресе гуманитарлық пәндердің бағдарламалары мен оқулықтары мазмұнында этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру міндеттерін арнайы көздейтін тақырыптар болуы өте маңызды. Мектеп оқушылары Қазақстан тарихын Қазақстан халықтары бірлігі мен ынтымақтастығы тарихи ретінде оқып үйренсе, аса пайдалы болар еді.

*Білім беру үрдісінде этносаралық қатынастардың мәдениетті тәрбиелеудің тәсілдеріне:*

- мемлекеттік тілді оқыту құралы ретінде пайдалану аумағын кеңейту;
- тілдерді меңгертудің тиімді тәсілдері;
- мәдениеттерді меңгертуде білім алушының белсенділігін арттыратын әдістер;
- білім алушыларды мәдениетаралық үнқатысуға кірістірудің педагогикалық технологияларын кірістіру мүмкін.

Атап айтқанда, оқушылардың этносаралық қатынастар мәдениетін нығайтуда педагогтардың ұлтаралық қатынастар саласындағы құзыреттіліктері деңгейі ерекше орын алады. Педагог мамандардың этносаралық қатынастар саласындағы кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктері құрамына кіретіндер:

- ұлтаралық қатынастар саласындағы біліктілік;
- оқушыларды мемлекеттік тілді, Қазақстан этностары мәдениетін меңгеруге қызығушылықтары мен ұмтылыстарын күшейтуге қабілеттілік;
- ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістерін пайдалану икемділігі.

Педагогикалық қауымдастықтың ұлтаралық қатынастарды нығайтудағы белсенділігі этносаралық қатынастарды нығайтудың тиімді әлеуметтік-психологиялық және білімдік тетіктерінің қатарына кіреді. Бұл механизмді этносаралық қатынастарды нығайту мақсаттарында пайдалану үшін:

- Қоғамдық педагогтарды (ағартушыларды) ұлтаралық қатынастарды нығайту саласына кеңінен тарту;
- педагогикалық баспасөздің ұлтаралық қатынастарды нығайтудағы рөлін күшейту керек, деп ойлаймыз.

Педагогикалық менеджмент — этносаралық қатынастарды нығайтудың, оқушы жастардың ұлтаралық қатынастар мәдениеті мен толеранттылық сапаларын тәрбиелеудің, мұғалімдердің осы бағыттағы педагогикалық іс-әрекеттегі шеберлігін дамытудың маңызды тетігі болып табылады.

Этносаралық қатынастарды нығайту бағытындағы педагогикалық менеджмент мектеп әкімшілігінің ұлтаралық қатынастардың мәдениетін тәрбиелеудегі жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстарын, мектепшілік іс-шаралар, әр түрлі тілдерде оқытатын мектептер аралық байланыстарды жоспарлау және ұйымдастыруды болжайды.

Оқушы-жастардың әлеуметтік тәжірибесі – этносаралық қатынастарды нығайтудың тиімді әлеуметтік психологиялық және білімдік тетігі. Аталмыш тетік: дүниетанымды қалыптастыруды; адамгершілікке тәрбиелеуді күшейтуді; өзге этностар өкілдерімен шынайы қарым-қатынас

тәжірибесін қалыптастыруды; интернет желісінің кері әсерлеріне «иммунитетті» қалыптастыруды; ұлттық мәдениеттерді меңгеру бойынша қызықты, әсерлі іс-әрекет түрлеріне кірістіруді (ойындар, ұжымдық шығармашылық жұмыстарды) болжайды.

Сондай-ақ ата-аналар, ересектердің үлгілі мінезі мен тәрбиелік ықпалында біз этносаралық қатынастар мәдениетін нығайтудың мәнді әлеуметтік-психологиялық тетігі ретінде ажыратып көрсетеміз. Бұл тетік ата-аналардың ұлтаралық қатынастарды нығайту саласындағы көзқарасын, жауапкершілігін, тәрбиелеуші икемділіктерін дамытуды, түрлі этностар өкілдерінің отбасылық достасуын көздейді.

Этносаралық қатынастарды нығайтудың білімдік тетіктерін пайдалануда:

- тар мектепшілік тәсілдермен шектелмеу;
- этносаралық қатынастар саласындағы қоғамдық көңіл-күйлерді сергек сезіну;
- жас ұрпақтың көпэтносты қоғамға бейімделуі мәселелеріне көбірек зейін бөлуі, ондағы қиындықтарды жеңуде қамқорлықпен қолдау көрсету;
- ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудың функционалдық бағытталғандығына қол жеткізу талап етіледі.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептер мен басқа да оқу орындарында оқушылардың этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру бағытында іс-шаралар жиі өткізілгенімен, олардың қоғамдық ұйымдар, мысалы, аймақтық Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдарымен өзара әрекеттестігі эпизодтық сипатта екендігі айқын байқалады. Тек тар педагогикалық тәсілдермен оқушылардың көпэтносты және көпконфессиялы қоғамға әлеуметтік бейімделуі мүмкін еместігін тәжірибе дәлелдейді. Әсіресе моноэтностық ортада қалыптасатын оқушылар тұлғасының көпэтносты ортаға әлеуметтік бейімделуіндегі қиындықтар айқын көзге көрінеді. Мемлекеттік тілді, ұлтаралық қатынастар тілін жете білмеу, өзге этностар өкілдерімен тиімді мәдениетаралық диалог құру дағдыларының жетіспеуі моноэтностық ортада өскен аз санды ұлт өкілдерінде жиі байқалады.

Этносаралық қатынастар саласындағы қоғамдық көңіл-күйлерді зерттеу Қазақстан халқы Ассамблеясының аймақтық бөлімшелері ғылыми-сараптамалық топтары, әлеуметтік зерттеулер орталықтары, жоғары оқу орындарының қоғамдық пәндер саласындағы өкілдері, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедралары профессор-оқытушылары тарапынан жүргізіледі. Мұнда этносаралық қатынастарды зерттеудің заманауи әдіснамалары мен әдістемелерін пайдалану ерекше маңызға ие. Әрбір зерттеу нәтижелерінен тәжірибелік маңызды қорытындылар шығару, уәкілетті органдарға арналған ұсыныстар жасау талап етіледі.

Әйгілі педагог-ғалым, Қазақстан Республикасы Педагогика ғылымдары академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асма Ахметқызы Қалыбекованың жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобы этносаралық қатынастарды нығайту саласындағы жаңа ғылыми білімдерді өңдеу, сонымен қатар оны кең жұртшылыққа насихаттау, оқушы-жастардың бойына сіңіру бабында елеулі жұмыстар жүргізуде. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобы Оңтүстік Қазақстан облысы Тіл басқармасы мен бірлестікте тіл қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың факторы бағытында аналитикалық материалдар даярлады.

Ғылыми-сараптамалық топ Оңтүстік Қазақстан облысындағы этносаралық қатынастар мәселелері бойынша социологиялық зерттеулер жүргізеді, оның нәтижелері бойынша облыстың мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарына қажетті ұсыныстар береді. Оңтүстік Қазақстан облысындағы бұқаралық ақпарат құралдары бейнелеген этносаралық қатынастар мәселелері материалдарына жүйелі мониторинг (контент талдау) жүргізеді.

Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан аймағының этноконфессионалдық картасы жасалынууда. Ғылыми-сараптамалық топ Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы кітапхана үшін мәліметтердің ақпараттық-аналитикалық базасын жасауға атсалысуда (ғылыми-сараптамалық топ мүшелері өздерінің кітаптарымен кітапханаға алғашқы үлесін қосты).

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобы және М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Жалпы педагогика және этнопедагогикасы» кафедрасы ұжымы, жалпы білім беретін мектептер, Оңтүстік Қазақстан облысының этномәдени орталықтары қатысуымен республикалық «Ұлтаралық қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастырудың тәжірибесі, мәселелері және болашағы» атты республикалық ғылыми-

тәжірибелік конференцияны ұйымдастырды. Конференцияда қоғамдық келісімді нығайтуға ықпал ететін, оқушы-жастар тәрбиесімен байланысты бірқатар мәселелер талқыланып, солардың ішінде:

- мемлекеттік тілді дамыту мәселелері;
- ұлттық мектепте үштілді оқыту жүйесі;
- ұлтаралық қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастырудағы этномәдени орталықтар, оқу орындары және басқа да әлеуметтік институттардың тәжірибелері мәселелері бойынша 80-нен астам баяндамалар талқыланды.

Аталмыш конференция аясында қарастырылған негізгі мәселелердің бірі — қазіргі қоғамда этносаралық қатынастарды нығайтуда білім беру ұйымдары мен қоғамдық ұйымдардың өзара әрекеттесуі мәселесі. Осы тұрғыда оқушы-жастарда «Мәңгілік Ел» құндылықтарын, әсіресе толеранттылықты қалыптастыруда жалпы білім беретін мектептерге қоғамдық ұйымдардың берері мол екендігіне назар аударылды. Мысалы, этномәдени орталықтардың аймақтағы этносаяси, этноәлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету, этникалық топтардың өзара қатынастарын, мәдениетаралық ұнқауды нығайту, Қазақстан этностарының тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлерін сақтау және дамытудағы тәжірибелері мол. Сондықтан жалпы білім беретін мектептің барлық буындары оқушыларымен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың функционалдық бағыттылығын, шынайы тиімділігін қамтамасыз етудегі этномәдени бірлестіктер мен мектептің ынтымақтастығы маңызды роль атқарады. Мектептердегі тәрбие жұмыстарын жоспарлауда этномәдени бірлестіктер, аймақтық қоғамдық келісім қорымен бірге кейбір жұмыстардың жоспарлануы да жақсы нәтижелер береді.

Оңтүстік өңірде мемлекеттік тілде оқытатын мектептермен қатар, өзбек тілінде және тәжік тілінде білім беретін жалпы орта білім беру ұйымдары қызмет жасайды. Тек өзбек тілінде 80 мыңдан астам оқушылар 140-тан астам бір тілді, аралас мектептерде білім алады. Бұл мектептер оқушыларының қазақ тілін меңгеру деңгейі, мемлекеттік тілі, қазақтың салт-дәстүрлерін игеруге деген ұмтылыстары жоғары екендігін ерекше атап өту керек. Тіпті, ҰБТ нәтижелері бойынша, өзбек тілінде оқытатын мектептер бітірушілерінің қазақ тілінен білімдері көрсеткіштері қазақ тілінде оқытатын мектептердегі құрдастарынан аз еместігін атап өту керек. Дер кезінде, тіл меңгерумен қатар, әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетаралық ұнқатысуларын ұйымдастырудың да маңызы жоғары екенін айту қажет. Біздің көпэтносты елде ешбір этнос балалары басқа этностар, бірінші кезекте қазақ ұлттық мәдениетіне кірігуінсіз дамуы мүмкін емес. Мәдени бөлектеніп (оқшауланып) қалу көпэтносты елде еш бір этносты дамытпайды.

Кенес дәуіріндегі аға ұрпақ қазақ жерінде қазақ тілін меңгермей мектепті оқыды, бітірді. Бұл қателікті этностардың қазіргі ұрпағы қайталамайды. Қазақстанның болашағы, Елбасы айтқандай, қазақ тілінде екендігін, біздің қазақи болмысымыз, болашағымызды ескеретін болсақ, онда бір ғана тіл меңгерту емес, балаларымыздың түрлі этнос өкілдерімен тиімді мәдениетаралық диалогта болуына мүмкіндік жасауымыз керек.

Этносаралық қатынастарды нығайтудағы әлеуметтік-психологиялық және білімдік тетіктер қатарына ауыл жерлердегі ақсақалдар кеңестері, ата-аналар қауымдастығы рөлін ерекше атап өту керек. Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан облысының көптеген ауыл аймақтарында ақсақалдар кеңестері, сондай-ақ ата-аналар кеңестері жұмыс істеп отыр. Аталар сөзі, бабалар өсиеті оқушы-жастар үшін әрқашанда өте эмоционалды әсерлі тәрбие құралы болып келген. Соғыс, соғыстан кейін қиындықтарды көрген, егемен ел болуды армандаған, тың игерген, зауыттар құрған, ұрпақ тәрбиелеген, біздің Тәуелсіз Еліміз қалыптасқан заманда өмір сүру бақытына ие болған аталарымыз бізге ұлтаралық келісім, бірлік пен татулықтың үлгісін өздерінің өмірлік жолы, үгіт-насихаттарымен бере алады. Зейнетке шыққан, бірақ тәжірибесі, жастарға берер рухани байлығы мол аталарымыз мен әжелеріміз аз емес. Олардың арасында басшы қызметкерлер, педагогтар, қоғам қайраткерлері көптеп кездеседі. Аталар мен әжелер мектебі оқушы-жастарды қазіргі жаһандану үрдістерінің, ақпараттық ағымдардың келеңсіз тәрбиелік әсерлеріне халқымыздың ғасырлар бойы жаңалықтарға, саяси қатыгездіктерге, сырттай және іштей ықпалдарға шыдам беріп, сақталып келген педагогикалық мәдениеті арқылы тәрбиелеуге оңтайлы мүмкіндігі деп қарауымыз керек.

Білім беру мекемелері басшылары Аталар мен әжелер мектептерінің жандануына қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауы қажет деп білеміз. Педагогика тарихынан мәлім көне дәуірлердегі қариялардың балаларға өзіндік өмірлік тәжірибесін беруі үлгілері қазіргі білімдік, тәрбиелік міндеттер мен жетістіктер аясында жаңа көрініс табады. Аталар мен әжелер тәжірибесі мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңашыл формалары шеңберінде ұйымдастырылады.

Мұнда оқушы-жастарды тәрбиелеудің жаңашыл құралдары қалыптасады. Осы кезекте Шымкент қаласындағы № 107 Юсуф Сарема атындағы мектеп-лицейінің Ата-аналар университеті жұмысын ерекше атап өтуге болады. Мыңнан астам ата-аналар әр тоқсан сайын бір рет қатысатын, сынып ата-аналарымен семинар-тренинг формасында өткізілетін Ата-аналар университеті сабақтарын тәжірибелі сынып жетекшілері ғана емес, өмірлік тәжірибелері мол оқушылардың аталары, әжелері де жиі өткізеді.

Оқушы-жастар тәрбиеленетін ортаны «этнопедагогандыру» (этнопедагогизация) да оқушы-жастар тәрбиесіне оң әсерін тигізеді. Бала үйінен шығып мектепке келгенше ауладағы адамдар, заттар, жазулар, әлеуметтік және табиғи ортаның бала санасына қаншама күшті әсерін тигізетіндігін педагог-мамандар жақсы біледі, бірақ тәжірибеде іске асырмайды. Дегенмен мектеп микроауданының бала тәрбиесіне әсерінің педагогикалық мақсатқа сай болуы бір ғана мектеп басшылығы, педагогтардың қолынан келмейді. Мектеп микроауданының педагогикалық тұрғыдан қалай екендігі балалардың адамгершілік, экологиялық, құқықтық, эстетикалық санасы қалыптасуына айтарлықтай әсерін тигізеді. Этносаралық қатынастар мәдениеті де одан тыс емес. Сондықтан педагогикалық қауымдастық осы мәселеге де арнайы зейін бөлуі қажет.

Жас ұрпақтың көпэтносты қоғамға бейімделуі мәселелеріне көбірек көңіл аударуы, ондағы қиындықтарды жеңуде педагогикалық қауымдастықтың рөлі ерекше болуы тиіс. Оқушы және студент жастардың қазақ тілін, орыс тілін меңгеруі, академиялық топтарды ұйымшыл тәрбиелеуші ұжымдар ретінде қалыптастыру, әрбір оқушы мен студентті мейлінше қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту, түрлі этнос өкілдерінің жоспарлы әрі тиімді мәдени ұнқатысуға бағыттау — әрбір педагогикалық ұжымның тәрбиелік қызметінің міндетті құрамдастарына айналуы керек.

Осы тұрғыдан Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының оқушы-жастардың этносаралық мәдениетін қалыптастырудағы кең ауқымды жұмыстарын мысал ретінде келтіру болады. Шымкент қаласы мен аудан мектептерінде аталмыш қоғамдық ұйым тарапынан өткізілген бірқатар іс-шаралар ұлтаралық келісім мәдениетін нығайтуға жұртшылықтың елеулі әсерінің үлгісі бола алады. Мысалы, Шымкент қаласындағы Р.В.Пак жетекшілік ететін № 45 мектеп-гимназияда «Біздің мемлекеттің көпэтностығы — біздің байлығымыз, біздің мақтанышымыз» тақырыбындағы өткен көшпелі семинарда оқу үрдісі орыс тілінде жүргізілетін, оқушылар құрамы көптеген этностардың балаларынан тұратын бұл мектептің оқушы-жастардың этносаралық мәдениетін қалыптастырудағы озық педагогикалық іс-тәжірибесі кеңінен қарастырылды. Панорамалық сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралардың үзінділері көрсетілді. Оңтүстік Қазақстан облысы этностары салт-дәстүрлері тұрғысынан оқушы-жастарда ұлтаралық келісім мәдениетін қалыптастырудың жаңашыл формалары мен әдістері туралы жоғары оқу орындары профессор-оқытушыларының баяндамалары тыңдалды. Семинарда Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Шалатай Мырзахметов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі және Парламент депутаты Людмила Хочиевалар жастарда этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелері туралы педагогтар, оқушылар және ата-аналармен ой бөлісті.

«Оңтүстік Қазақстан облысы жалпы білім беретін мектептерінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстел бірқатар әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәселелерді талқылап, қажетті қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Дөңгелек үстел қатысушылары мына сұрақтар аясында пікір алысты:

- оқушылардың ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесі;
- қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудағы рөлі.

Осы бағыттағы жұмыс тәжірибелерімен Шымкент қаласындағы № 45 және 8 мектеп-гимназия директорлары, Сайрам ауданындағы өзбек тілінде оқытатын Ю.Сарема атындағы № 1 мектеп-гимназия директорлары бөлісті. Сондай-ақ қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудағы рөлін арттыру туралы облыстық «Южный Казахстан» қоғамдық-саяси газетасының редакторы Н.О.Казорина, Оңтүстік Қазақстан облысы этномәдени орталықтарының торағалары сөз сөйледі. Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша мемлекеттік органдар, этномәдени орталықтар, БАҚ, жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық келісімді, оқушы-жастардың ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудағы нақтылы іс-әрекеті туралы ұсыныстар жасалынды.

Қазақстан этностары тілдеріндегі басылымдардың этносаралық қатынастарды нығайтудағы қызметі ерекше. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің «Жанубий Қозоғистон» газеті жергілікті этностық қауымдастықтар арасында Елбасы саясаты, мемлекеттік дамудың өзекті бағыттары, сондай-ақ жастарды қазақстандық патриотизм, этносаралық келісім рухында тәрбиелеу бағытындағы мақалаларды көптеп жариялайды. Этностық тілді, мәдениет мен салт-дәстүрлерді насихаттау жалпықазақстандық «Мәңгілік Ел» құндылықтарын кеңінен насихаттаумен ұштасады. Газет редакциясы ұжымы этнос өкілдері ықшам (компактный) тұратын тұрғын үй алабтары, ауылдық жерлер тұрғындарымен ұлтаралық келісім, бірлікті нығайтуға арналған баспасөз конференциялары, кездесулерді өткізеді. Оқушы-жастар арасында Қазақстан этностары тілдеріндегі журналистиканы дамыту, оны қоғамдық келісім мақсаттарына сай бағыттауда да редакция өкілдерінің белсенділігін атап өту керек.

Оқушы-жастарда этносаралық қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда болашақ педагог-мамандардың этномәдени құзыреттіліктерін қалыптастырудың рөлі де жоғары. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді этномәдениет және оның негізінде тәрбиелеу бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, «Этнопедagogика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндері, педагогикалық іс-тәжірибе барысында студенттер оқушыларды этникалық мәдениет, этносаралық қарым-қатынас пен толеранттылық рухында тәрбиелеу бағытындағы білімдер, іскерліктер мен дағдыларды игереді. Бұл жұмысқа қоғамдық ұйымдардың да атсалысуы жақсы нәтижелер береді. Осы тұрғыдан ОҚМУ-нің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы студенттермен өткізген «Болашақ маманның этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудың жолдары» тақырыбындағы дәріс білім алушыларда үлкен әсерлер қалдырды. Дәріс сұхбат түрінде өтті. Студенттер білікті мамандар, сарапшылардың осы мәселе төңірегіндегі пікірлерін тыңдап, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауаптар алды. Әлемдегі этносаяси ахуал, елдегі этноәлеуметтік үрдістер, білім саласында қызмет бабында кездесетін этномәдени қатынастармен байланысты мәселелер, олардың шешімдері туралы жанды пікір алысу кең форматта өтті. Сұхбат соңында педагог-мамандардың этносаралық қатынастар саласындағы біліктілігі олардың оқушы-жастарды тәрбиелеуде қоғамдық ұйымдармен өзара тиімді әрекеттесуінің маңызды шарты деген қорытынды жасалынды. Студенттер өз халқымен қатар, көрші этностардың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлері, психологиясы туралы түсініктердің болуы, әр түрлі этностар балаларының қарым-қатынастарын педагогикалық мақсаттарға дұрыс бағыттау тәсілдерін меңгеруге ерекше мән беру керектігін ұғынды.

Ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастырудың функционалдық бағытталғандығы бір ғана қоғамдық бірлік мен төзімділік туралы түсініктерді қалыптастырумен шектелмеуді талап етеді. Этносаралық қатынастар саласындағы білімдер жүйелі түрде тәжірибеде қолданылуына қол жеткізілуі, сондықтан оқушыларды тиімді мәдениетаралық ұнқатысуға нақыты іс-әрекеттер көмегімен тарту аса маңызды.

Этносаралық қатынастарды нығайтудың әлеуметтік-психологиялық және білімдік тетіктері пайдалану жүйелілік, кешенділік, өзара ынтымақтастық, сабақтастық принциптеріне негізделуі қажет.

Қорыта келе, жана Қазақстанда этносаралық қатынастарды нығайтудың әлеуметтік-психологиялық және білімдік тетіктерін зерделеу, оның негізінде аталмыш механизмдердің тиімді жұмысын қамтамасыз ету бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру ұйымдары, әсіресе жалпы білім беретін мектеп, колледж, жоғары оқу орындары оқушы жастарда ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыруда орталық орын алғанымен, кең педагогикалық жұртшылықтың қатысуымен іске асатын этносаралық қатынастарды нығайтудың әлеуметтік-психологиялық және білімдік тетіктерінің қызметінсіз елеулі нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес. Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, білім беру ұйымдарының педагогтық ұжымдары, ата-аналар қоғамдық бірлікті, этносаралық қатынастар мен төзімділіктің жоғары дәрежедегі мәдениетін қалыптастырудың белсенді субъектілеріне айналады. Қазіргі оқушы-жастардың этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру оқушы-жастар тәрбиесінен мүдделі болған барша тараптардың біріккен әрекетін, ынтымақтастығын, жаңашыл идеялар, тәсілдерді пайдалануын қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 *Нұрсұлтан Назарбаев. Бейбітшілік мен қоғамдық келісім идеясы* / Е.Л.Тоғжанов, Ә.Ә.Әбдікімов т.б. — Астана: Ақарман-Медиа, 2010. — 254 б.

Н.Ш.Алметов, Л.А.Булетова, А.А.Сулейменова

**Социально-психологические и образовательные механизмы совершенствования межэтнических отношений в современном обществе**

В статье дано теоретико-концептуальное описание проблемы межэтнических отношений, предмета, проблематики, периодизации, методологии исследования. Выделены инновационные подходы и методы формирования культуры межэтнических отношений у современной учащейся молодежи. Авторами раскрыты механизм формирования и проявления факторов, оказывающих влияние на характер и динамику межэтнических отношений. Показаны роль и значение социально-психологических феноменов, адекватно отражающих содержание и динамику межэтнических отношений.

N.Sh.Almetov, L.A.Buletova, A.A.Suleimenova

**Socio-psychological and educational tools improvement ethnic relations in modern society**

In article the teoretiko-conceptual description problems of the interethnic relations, a subject, a perspective, a periodization, research methodology are considered. Highlighted innovative approaches and methods of formation of culture of interethnic relations at the modern student-youth. Are opened by authors the mechanism of formation and manifestation of the factors exerting impact on character and dynamics of the interethnic relations. The role and value of the social and psychological phenomena which are adequately reflecting contents and dynamics of the interethnic relations is shown.

References

1 *Nursultan Nazarbaev. The idea of peace and social harmony* / E.L.Togzhanov, A.A.Abdikimov et al., Astana: Akarman-Media, 2010, 254 p.